

MEDIEVAL HISTORY OF CENTRAL EURASIA



№4 (4) 2023





MEDIEVAL HISTORY OF CENTRAL EURASIA

Has been published since 2020

No. 4 (4) 2023

Astana 2023

EDITOR-IN-CHIEF:

PhD, Assistant Professor
Kariyev E.M.

EDITORIAL BOARD:

Qydyráli Darhan	Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Muminov A.K.	Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Samashev Z. S.	Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Abuseitova M. K.	Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Sabitov Zh. M.	PhD in Political Science (Kazakhstan)
Golden Peter B.	Dr., Professor (USA)
Kradin N.N.	Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)
Erdélyi István	Doctor of Historical Sciences, Professor (Hungary)
Uzelac	PhD in History (Serbia)
Aleksandar	
Mirgaleev I. M.	Candidate of Historical Sciences (Russia)
Zaytsev I. V.	Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)
Petrov P.N.	Candidate of Historical Sciences (Russia)
Nagamine	PhD in History (Japan)
Hiroyuki	

Editorial address: 8, Kabanbay Batyr avenue, of.316, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010000
Tel.: (7172) 24-18-52 (ext. 316)
E-mail: medieval-history@isca.kz

Medieval History of Central Eurasia
Owner: Astana International University
Periodicity: quarterly
Circulation: 500 copies

CONTENT

С.С. Иванов ЭТНОКУЛЬТУРНАЯ СИТУАЦИЯ НА СЕВЕРО-ВОСТОЧНОЙ ПЕРИФЕРИИ САКСКОЙ КУЛЬТУРЫ ПРИТЯНЬШАНЯ В IV-III ВВ. ДО Н.Э.	5
Н.Н. Әбдінасыр МАЖАР ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ОРТА АЗИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН МӘДЕНИЕТІ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУІ	17
Р.Д.Темиргалиев ДЖУЧИ-ХАН – ПРАВИТЕЛЬ ДЕШТ-И КИПЧАКА	23
Ж.Е.Күзембаев ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ӘДЕБИ ЖАЗБА МҰРАЛАР	42

ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ӘДЕБИ ЖАЗБА МҰРАЛАР

Күзембаев Жамбыл Елемесұлы

Астана Халықаралық университетінің доценті

Астана, Қазақстан

Kuzembaev73@mail.ru, 8 705 855 57 73

Андатпа. Ежелгі дәуір әдебиетінің кезеңдері әдебиеттану ғылымының негізгі саласы – әдебиет тарихымен айқындалады. Ғылыми зерттеуімізде әр дәуірдегі әдебиеттің қалыптасуынан, дамуынан, әдебиеттің негізгі бастауы болған әдеби жазба мұралардың жанрлық, көркемдік сипаттары хронология тұрғысын жүйеленіп, шығармалардың жазылу тарихы мен авторларының өмірбаянынан, ғұламалардың өмір сүрген дәуірлерінен толық мәліметтер ұсынылады. Әдебиет тарихының кезеңдерімен ежелгі дәуір әдебиетінің қалыптасуы төмендегідей қарастырылды.

1.Ежелгі дәуір әдебиетінің VII-IX ғасырлардағы жазба ескерткіштері қатарында Орхон жазба ескерткіштері, Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк жырлары, "Оғызнаме" дастаны, "Қорқыт ата кітабы", Әл-Фарабидің әдеби мұралары сақ, ғұн, үйсін дәуірлеріндегі шығармалардың үздік үлгілері.

2.X-XII ғасырларда түркі халықтарының рухани құндылығын айқын танытқан Ислам дәуірінің әдебиетінде Ж.Баласағұнның "Құтты білік" дидактикалық дастаны, М.Қашқаридің "Түркі тілдерінің сөздігі" мұрасы, Қ.А.Ясауидің "Даналық кітабы" өлеңдер жинағы, А.Иүгінекидің "Ақиқат сыйы" жыр жинағы, С.Бақырғанидің "Бақырғани кітабы", "Хакім ата", "Әулие Мария" өлеңдері түркі халықтары әдебиетінің қалыптасу, даму, кемелдену кезеңдерін өркендеткен әдеби мұралар. Ойшылдардың түркі халықтарын ізгілікке, имандылыққа үндеген, X-XII ғасырлардағы Ислам дінінің рухани құндылықтарын насихаттаған киелі кітаптары.

3.XIII-XIV ғасырлардағы Алтын Орда-қыпшақ дәуір әдебиет «Қыпшақ тілінің сөздігімен», Хорезми «Мұхаббатнамесімен», Н.Рабғузи «Рабғузи қиссаларымен», С.Сарай «Түрікше Гүлістанымен», Құтб «Хұсырау-Шырынымен» ерекшеленеді. Алтын Орда дәуірінде түркі әдеби тілінің негізінде жазылған құнды тарихи мұралар, шежіре-кітаптар Алтын Орда дәуір әдебиетінің озық үлгілерін қалыптастырды. XIII-XIV ғасырлардағы Алтын Орда-қыпшақ дәуір әдебиетінде «Қыпшақтар» кітабы, М.Хорезми, Н.Рабғузидің, С.Сарайдың, Құтбтың жазбалары, қиссалары, дастандары, әдеби мұралары мазмұн тереңділігімен айқындалды.

Ғылыми мақалада ежелгі дәуір әдебиетінің тарихы VI-IX ғасырлардағы көне түркі жазба ескерткіштері, X-XII ғасырлардағы Ислам дәуірінің әдеби мұралары, XIII-XIV ғасырлардағы Алтын Орда-Қыпшақ дәуірінің әдеби-тарихи туындылары архивтің дерек көздерімен сараланып, ойшыл-ғұламалардың, ақындардың әдеби жазба мұралары тұтас қамтылған. Ежелгі әдебиеттің қалыптасу, даму, өркендеу жолдарында VI-XIV ғасырлардың әдеби-тарихи мұраларын зерттеген Б.Кенжебаев, Н.Келімбетов, Қ.Өмірәлиев, А.Қыраубаева, Ә.Қоңыратбаев, Х.Сүйіншәлиев, Ә.Дербісәлиев т.б. зиялы ғалымдардың ғылыми-зерттеу еңбектері басшылыққа алынған. Ғылыми тың зерттеулермен ежелгі дәуірдегі әдеби жазба мұралардың тақырыбы мен идеялығы **талданып, көркемділігі айқындалған.** Кеңес дәуірінде зерттелген еңбектермен бірге тәуелсіздік кезеңіндегі ғылыми еңбектер енгізілген.

Кілт сөздер: түркі жазба ескерткіштері, әдеби жазба ескерткіштер, Ислам дәуірінің әдебиеті, Алтын Орда-қыпшақ дәуірінің әдебиеті, түркі халықтары, оғыздар, мифологиялық әңгімелер, аңыздар, ертегілер, хикаялар, дастан, жазба мұралар.

Қазақ әдебиеті тарихының дәуірлеу мәселесінде ежелгі дәуір әдебиеті VI-XIV ғасырлардағы түркі ру-тайпаларының жазба ескерткіштері мен әдеби мұраларынан басталады. Ежелгі дәуір әдебиетінің қалыптасуына VI-VII ғасырлардағы сақ, ғұн, үйсін, қаңлы тайпаларының тағылымды тарихы, өркениет мәдениеті, көне түркі әдебиеті, тайпалық наным-сенімдері, рулық салт-дәстүрлері негіз болған. VI-IX ғасырларға тән түркі әдеби жазба ескерткіштері, оғыз-қыпшақ тайпаларына ортақ әдеби-тарихи мұралары қарлұқ, оғыз, қимақ тайпаларының тарихымен жалғасады. Ескерткіштер, әдеби мұралар, тарихи туындылар өз ғасырларына тән терең мазмұнымен айқындалып, ойшылардың қаламынан туындаған әдеби мұраларымен айшықталады.

Ежелгі дәуір әдебиетінің негізін қалаған VI-IX ғасырлардағы әдеби жазба мұралар әдеби-тарихи сипатымен, түркі халықтарының өнегелі өмірімен айқындалады. Ру-тайпалардың әлеуметтік жағдайымен үндескен тарихи ескерткіштер мен әдеби жазба мұралар ежелгі дәуір әдебиетін жаңа көркемдік деңгейге өрістеткен жазбалар болды. Ежелгі дәуір әдебиетінің қалыптасуына негіз болған VI-IX ғасырлардағы көне түркі әдебиеті, X-XII ғасырлардағы Ислам дәуірінің әдебиеті, XIII-XIV ғасырлардағы Алтын Орда-қыпшақ дәуірінің әдебиеті қоғамдық маңызды тақырыптарды жырлап, жанрлық, көркемдік ерекшеліктерімен дараланып, түркі әдебиетіне жаңаша жыр, көркем сөз үлгілері болып табылады. VI-IX ғасырлардағы әдеби жазба мұралардың алтын қоры болып табылған, түркі халықтарының тарихын толық танытқан VI-IX ғасырлардағы көне түркі әдебиеті тың идеялығымен, әдеби мазмұнымен айқындалды. Орхон-Енесей мұрасында түркі халықтары қошеметіне бөленген батырлар, қағандар дәріптеліп, батырлардың ерлік істері, жеңісті жорықтары мадақталған. Тарихта «Руна» жазуымен жеткен Орхон-Енесей әдеби жазба мұралардың тарихи-эпикалық үлгілерінде – түркі халықтарының өмір шындығын тарихи оқиғаларды баяндаумен қатар, қолбасшы болған Күлтегін Кіші және Үлкен жазулары, Шығыс түркі қағаны Білге қағанды, кеңесші әрі әскер басы Тоныкөкті мадақтаған эпикалық жырлар орын алған. Күлтегін және Тоныкөк әдеби жазба мұраларында қолданған мақал-мәтелдер, канатты сөздер, теңеу, эпитет, гипербола көркемдік бейнелеу құралдары жырдың эпикалық туынды екендігін айғақтай түскен. Әдеби жазба мұрада түркі елін ата-бабаның арман-мұратына адал болу, ел басқарған қағандармен бірлікте болуы баяндалған. Күлтегін, Тоныкөк әдеби жазба мұраларында елдікке, ерлікке, адами құндылықтарға шақырған өзекті идеялар түркі халықтарының беріктігі мен біртұтастығын сақтауға негіз болған. Түркі тілдес халықтарға ортақ бұл эпикалық туындының әдеби тілі жайында көрнекті түркітанушы-ғалым И.В.Стеблева: «Күлтегін мен Тоныкөк жазуларын жанрлық жағынан тарихи және батырлық поэмаларға жатқызуға болады» - деген ойлы пікірімен дәлелдей түседі. Ежелгі дәуір әдебиетінде әдеби ескерткіштер Монғолия жеріндегі Орхон өзенінің бойынан табылғандықтан

«Орхон жазба мұралары» деген айдарға ие болған. Енисей өзенінің бойынан табылған ескерткіштерге «Енисей жазба мұралары» деп аталған. Көне түркі әдебиетінде ескерткіш құлпытастарға қашап жазылған руна жазулары Білге қаған, Күлтегін және Тоныкөк жазбаларында түркі қағанатының құрылған кезеңі, VIII ғасырдағы тарихи оқиғалар көркем тілмен, эпикалық үлгімен әңгімеленген. VI-IX ғ.ғ. Қарахан мемлекетінің (942-1212) тұсында қалыптасқан көне түркі әдебиетінің жазба ескерткіштері – түркі халықтарының қоғамдық-әлеуметтік, әдеби-мәдени дамуын тарихи өркендеткен кезеңді болды. Түркі қағанаты мен оғыз-қыпшақ тайпаларының ерлік эпостары – «Оғызнама» дастаны мен «Қорқыт ата кітабы» тың жанрымен, тарихи сипатымен, әдеби мазмұнымен, көркемдік құндылығымен түркі ұлыстарының өмір шындығын бейнелеген тарихи ғасырдың асыл мұралары болып табылған. Әбу-Насыр Әл-Фараби «Риторика», «Поэзия өнері туралы» зерттеулерімен өз кезеңіндегі әдебиеттің ілгері дамуына өлшеусіз үлес қосты. Түркі ру-тайпаларының тағылымды тарихы, өркениет мәдениеті, көне түркі әдебиеті, тайпалық наным-сенімдері, рулық салт-дәстүрлері, жазба ескерткіштері, қоғамдық-әлеуметтік жағдайлары ислам дәуіріндегі әдебиеттің қалыптасып, дамуына негіз болды.

X-XII ғасырлардағы Ислам дәуірінен жеткен көне түркі әдебиетінің жазба ескерткіштері мен әдеби жазба мұралары әдеби-тарихи, этикалық-дидактикалық шығармалар болып табылды. Ежелгі түркілер Ислам дінін қабылдап, X ғасырда түркі әдебиетінде араб жазуы кеңінен қолданылды. Үлгілі шығармаларда Ж.Баласағұнның «Құтты білігі», М.Қашқаридің «Түркі сөздерінің жинағы», Қ.А.Ясауидің «Даналық кітабы», С.Бақырғанидің «Бақырғани кітабы» осы дәуірдің рухани мұрасы болды. Ұлы ғұламалардың әдеби жазба шығармалары орта ғасырдағы түркі әдебиетін өркендетіп, ілгері дамытты. X-XII ғасырлардағы Ислам дәуірінің әдебиетінде Алланың ақ жолымен түркі халықтарын парасаттылыққа, имандылыққа, әділеттілікке, адалдыққа жеткізетін өнегелі жол ислам діні екенін Ж.Баласағұн, М.Қашқари, Қ.А.Ясауи, С.Бақырғани жазба мұраларында жырлаған. Ислам дінінің заңдарын кемел ойларымен түйінделіп, адамның Аллаға деген рухани құндылығы хикметтерінде баяндалған. X-XII ғасырлардағы Ислам дәуірінің кемеңгер, ойшыл-ғұламалары Алланың Ақиқат жолын насихаттаған жазба мұраларында адам өмірінің маңызды кезеңдерін, тарихи оқиғаларды тереңнен толғап, Исламның қағидаларымен сабақтастырған.

XIII-XIV ғасырлардағы Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет тарихи сипатымен, көркем мазмұнымен ерекшеленіп, қыпшақ тілінде жарық көрген шығармалар көптеп жазылды. Алтын Орда мемлекетінің дәуірлеп тұрған тұсында ең маңызды орын алған қыпшақ тілі халық арасына кең тарады. Қыпшақ тілімен бірге араб және парсы тілдері де кең қолданысқа ие болды. Алтын Орда мемлекетінің тұсында өркендеген көркем әдебиеттің басым бөлігі қыпшақ тілінде жасалды. Алтын Орда дәуірінде қалалардың көркеюі, сыртқы

саяси және сауда қызметінің жандануы, халық өмірінің рухани дамуы, жазу-сызу мен әдебиеттің өркендеуі ерекше қарқынмен дамыды. Мәдени дәстүрлер қайта түлеп, түркі халықтарына ортақ әдебиет пен мәдениет қалыптасты. Қыпшақтардың құрамына көрші түркі тілдес тайпалар мен этникалық топтар қосылып, «қыпшақ» деген атқа ие болды. Түркі халықтарынан құралған «қыпшақ» атанған тайпалардың Алтын Орда дәуірінде әлеуметтік жағдайлары жақсарып, өркендеген әдебиеті, өркениет мәдениеті өрістеп, жаңа белестерге көтерілді. XIII-XIV ғасырлардағы авторы беймәлім «Қыпшақтар кітабы», Хорезмидің «Мұхаббатнаме» жазба мұрасы, Н.Рабғузидің «Қисса-сул Әнбия», «Қиссауи Рабғузи» шығармалары, С.Сарайдың «Гүлистан би-т-түрки» дастаны, Құтб ақынның «Хұсрау-Шырын» дастаны және т.б. түркі тілдес халықтардың бәріне ортақ болған әдеби мұралар сол дәуірдегі әдебиеттің көрнекті үлгілері болып табылды. XIV ғасырдағы түркі халықтарының рухани мұрасы «Қыпшақтар кітабы» - қыпшақ тіліндегі түркі халықтарының сөздік қорын қамтыған, әдебиет үлгілерін жинақтаған энциклопедиялық сөздік. «Қыпшақтар кітабы» мазмұны мен құрылымы жағынан екі бөлімнен тұрады. Қолжазбаның 110 бетін қамтыған бірінші бөлімі үш тілді латын-парсы-қыпшақ сөздігін құраған. Кітаптың 161 беттік екінші бөлімі фольклорлық материалдан құралған. Бірінші бөлімде ертегілер, аңыздар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, Мария ананың өмірі туралы аңыздар берілген. Екінші бөлімдегі көптеген сөздер құман-неміс тілінде, сөздердің лексикалық ұғымдары құман-латын тілінде берілген және мәтіндер мен сөздер Дешті Қыпшақтың тілі мен көркемдік мәдениетінің жоғары болғандығын көрсетеді. Нақыл сөздер мен сөз тіркестері, жұмбақтар, мақал-мәтелдер толық сақталған. XIV ғасырдың әдебиетінде Хорезмидің «Мұхаббатнаме» жазба мұрасы орта ғасырларда түркі әдебиетін түр мен мазмұн жағынан өркендеткен жаңа үлгідегі туынды болды. Хорезми Равандидің «Мұхаббатнаме» жазба мұрасының авторы мен жазылу тарихы туралы мәліметтер туынды да баяндалады. Хорезмидің саяхат жасаған елдері Рум (Византия), Шамда (Сирия) болған. «Мұхаббатнаме» жазба мұрасы 1353-1354 жылдары Сырдария жағасында Ақ Ордада тұрған кезінде жазып бітіргені баяндалған. Хорезми «Мұхаббатнамесі» қоңыраттың бегі Мұхамедқожаның өтінішімен жазылған. «Мұхаббатнаме» жазба мұрас ғашық жігіттің сүйіктісіне жазған хаттары баяндалған. Дастан мазмұны махаббат тақырыбына құрылып, кейіпкерінің қызға жолдаған 11 өлең хатынан тұрады. Хатта сүйіктісін көркем суреттеп, өзінің ғашықтық сезімін білдірумен басталып, қыздың сұлу келбетін бейнелеп, мінез-құлқын сипаттайды. «Мұхаббатнаме» жазба мұрасы бірнеше бөлікті құрайды. Алдымен күдіреті күшті жаратушыға жүгініп, өтініш айтқан Мұхамедқожа бекті мадақтаудан басталады. «Мұхаббатнамеде» сүйіспеншілік білдіру, күдіретті жаратушыға рақым жасау, құдайға жалбарыну көркем тілмен баяндалған. Ғашықтық хаттарда автордың тыңдаушылар мен шарап құюшыларға арналған сөздер баяндалады. XIV ғасырдың басында Рабғузидің әдеби жазба мұралары халық

арасына кең таралып, түркі халықтарының хикаяттарында әдет-ғұрыптар көрініс тапқан. «Рабғузи қиссалары» атпен жарияланған прозалық әдеби жазбалары түркі халықтарының дүниетанымын айқын танытқан фольклорлық сипаттағы туынды болды. Рабғузи қиссалары құран сюжеттерін, уағыздарын көркем тілмен баяндап берген әңгімелер мен өлеңдерден тұрады. Рабғузидің әдеби жазба мұраларындағы өлең жолдары, құран хикаялары мен аңыздарының сюжеттері көркем тілімен, құрылымымен айқындалған. Рабғузи қиссалары қайта көшіріліп, көшірме нұсқалары көптеген елдерге тараған. XV ғасырда жазылған алғашқы нұсқасы Британ мұражайында сақталған. Рабғузидің Оғыз жерінде туылғанына байланысты оның Рабғузи деген бүркеншік атымен жазба мұралары 1990-1991 жылдары Ташкентте басылған. Рабғузидің әдеби жазба мұралары Мұхаммедке дейінгі пайғамбарлардың өмірі мен бастан өткерген оқиғаларын көркем тілмен баяндаған. Дүниенің жаралуы туралы, жер жүзін топан су басуы туралы және Жер бетінде жаңа тіршіліктің басталуы туралы мифологиялық әңгімелер, аңыздар, ертегілер мен мысал әңгімелер орын алған. Рабғузидің әдеби жазба мұралары идеялық-тақырыптық мазмұны жағынан үш топқа бөлінеді: Біріншіден, дүниенің, аспанның, жердің пайда болуы туралы, адамның, жануарлардың, және тіршілік иелерінің шығуы туралы әңгімелер; екіншіден, пайғамбарлар мен әулиелердің өмірі туралы хикаялар, шығыс нақылдары, халық аңыздары, ертегілері; үшіншіден, хижраның алғашқы он жылындағы негізгі оқиғалар, жылдардың, айлар мен күндердің атаулары туралы, мұсылман күнтізбесіндегі айтулы күндер туралы мәліметтер ислам дінінің ұстанымдары толығымен баяндалған. Алтын Орда әдебиетінің өкілі, қыпшақ ақыны Сайф Сарайдың «Түрікше Гүлістан» дастаны кіріспе, сегіз тарау және қорытындыдан тұрады. Бұл дастан парсы-тәжік әдебиетінің классигі Сағди Ширазидің 1258 жылы жазған «Гүлстан» кітабының түркі тіліндегі еркін аударма нұсқасы болып табылады. Сайф Сарайдың өмірі мен шығармашылығы жайындағы мәліметтер сақталмаған, бізге жеткен деректердегі мәліметтерде ақынның «Түркі тіліндегі Гүлістан» жазба мұрасы жеткен. С.Сарайдың «Түрікше Гүлістан» дастанының алғашқы жеті тарауы жеке-жеке қысқа әңгімелерден құралған. Сегізінші тарауында нақыл сөздер, мақал-мәтелдер жинақталған. Ежелгі әдебиет дәстүріне сай, қара сөзбен жазылып (проза), арасына өлеңдер берілген. С.Сарай өзінің қыпшақ тіліндегі «Түрікше Гүлістан» дастанын 1391 жылы Еділ сағасындағы Сарай қаласынан бастап, Египеттегі Ніл өзені бойында жазып, аяқтаған. Дастан тараулары тақырыбы мен мазмұнына орай «Патшалардың өмірі туралы», «Азға қанағат етудің артықшылығы», «Махаббат пен жастық», «Кәрілік пен әлсіздік», «Тәрбиенің ықпалы», «Қарым-қатынас ережелері» болатын. Деректерде С.Сарайдың өмірі жайында 1321 жылы Алтын Орданың Сарай қаласында туылып, 1396 жылы Мысыр елінде дүние салғаны туралы мәліметтер кездеседі. Кейбір деректерде С.Сарайдың Египетті Бейбарыс сұлтан билеп тұрған кезінде білім іздеп, ғылым үйренуге сонда барағандығы

айтылған. С.Сарайдың «Суһаил мен Күлдірсін» төл жазба мұрасында ел билеген Ақсақ Темірдің жорықтарында қаза болған жігіт пен қыздың оқиғасы баяндалған. Жазба мұрада Ақсақ Темірдің өз дәуірінде болған тарихи өзекті қоғамдық мәселелері баяндалып, соғыс зардаптарының түркі халықтарына әкелген қиыншылығы айтылған. С.Сарайдың «Суһаил мен Күлдірсін» жазба мұрасы дидактикалық сарынмен өсиет-өнеге бағытында жазылған, рухани құндылықтарды насихаттап, адамгершілік, игі жақсы қасиеттерге үндеген рухани еңбек. XIII-XIV ғасырлардағы Алтын Орда-Қыпшақ дәуіріндегі әдебиеттің едәуір әдеби мұраларының бірі - қыпшақ тегінен шыққан Құтб ақынның «Хұсрау-Шырын» дастаны. Құтб ақынның бүркеншік аты, нақты ақынның өмірі туралы толық мәліметтер сақталмаған, бізге жеткен деректерде Құтб Ақ Орданың астанасы - Сығанақ қаласында XIV ғасырдың орта кезінде өмір сүрген, «Хұсрау-Шырын» дастанының бірнеше көшірмесін Сығанақ қаласында 1341-1342 жылдарда жазып бітіргені айтылған. Тарихи деректерде Құтб ақын «Хұсрау-Шырын» дастанын ел билеген Тыныбек биге және оның әйелі Мәлике ханымға тарту еткендегі айтылған. Құтб ақын «Хұсрау-Шырын» дастанының бір көшірмесі қыпшақ ақыны Берке Факихтің өтініші бойынша Мысырда 1383 жылы қайта көшіріп жазылған және бұл қолжазба қазір Париждің ұлттық кітапханасында 312-нөмірмен сақталған. Құтбтың «Хұсрау-Шырын» дастаны Низамидің «Хұсрау-Шырын» дастанының сарынымен назира үлгісінде жазылған. Құтб Низами шығармасының оқиға желісін сақтай отырып, негізгі оқиғалар, кейіпкерлерінің іс-әрекетін, дастандағы мөлдір махаббат, ел билеуші тақырыптарын назира дәстүрімен жырлаған. Дастандағы шексіз махаббат – адамның рухани жетілуі мен қоғамның дамуына бастайтын басты бағыт екенін баяндайды. Құтб ақын адамды рухани тазартатын, адам бойына ізгілік дарытатын, адамның жан дүниесін оятатын мөлдір махаббат сезімді дастандағы негізгі идея тұрғысынан жырлайды. Құтб «Хұсрау-Шырын» сюжетін көркемдік жағынан дамытып, басты кейіпкерлердің диалогтарын көркем тілмен баяндаған. Дастанда иран елінің өмір шындығын түркі халықтарының тұрмыс жағдайын сабақтастыра жырлаған. Құтб әйел бейнелерін қыпшақ өміріндегі салт-дәстүрге, наным-сенімге тұрмыс-тіршілікке сай қоғамдық жағдайы түркілік түсінікпен суреттеген. Дастанда тарихи оқиғаларды назира дәстүрімен жырлап, Дешті Қыпшақ даласының құтты мекен екендігі баяндалған. Оқу құралында көне әдеби жазба мұралары түркі және араб, парсы, орыс, Батыс Европа тілдеріндегі ежелгі әдебиетке қатысты дерек көздері пайдаланылды. Оқу құралында түркі халықтарының әдебиеті мен орта ғасырлардағы жазба ескерткіштер, Алтын Орда-Қыпшақ дәуіріндегі әдебиетіндегі жазба мұралар, ғылыми-зерттеулер қарастырылды. Ежелгі дәуір әдебиетінің қалыптасуы мен дамуы көне түркі халықтарының жазба мұралары «Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен», түркі тілдес халықтарының эпостық «Оғызнаме» дастанынан, "Оғыз-қыпшақ дәуіріндегі "Қорқыт ата кітабынан", Әл-Фараби зерттеу еңбектерінен, Жүсіп Баласағұн

"Құтты білігінен", М.Қашқари "Түркі сөздерінің жинағынан", Қ.А.Ясауи "Даналық кітабынан", А.Иүгенеки "Ақиқат сыйынан", С.Бақырғани "Бақырғани кітабынан", "Қыпшақтар кітабынан", Хорезми "Мұхаббатнамесінен", Насреддин Рабғузи "Рабғузи қиссаларынан", Сайф Сарай "Түрікше Гүлістанынан", Құтб ақын "Хұсырау-Шырыннан" әдеби жазба мұраларынан басталады. Қазақ ғалымдары Немат Келімбетов, Алма Қыраубаева ежелгі дәуір әдебиетінің қалыптасуы мен дамуын үш кезеңге бөліп қарастырған.

Бірінші кезең: VII-IX ғасырлардағы түркі әдеби жазба ескерткіштері;

Екінші кезең: X-XII ғасырлардағы Ислам дәуірінің әдебиеті;

Үшінші кезең: XIII-XIV ғасырлардағы Алтын Орда дәуірінің әдебиеті.

VII-IX ғасырларға тән түркі жазба ескерткіштерінің қалыптасып, дамуы оғыз-қыпшақ тайпаларына ортақ тілде жазылған әдеби-тарихи-мәдени мұралармен айқындалады. VII-IX ғасырлардың көне түркі жазба ескерткіштері болып табылған Орхон-Енисей жазбаларындағы Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк жырлары ежелгі дәуір әдебиетінің бастаулары. Бұл ғасырлардың эпостық мұралары "Оғызнаме" дастаны мен "Қорқыт ата кітабы" ғасыр тарихын, көне түркі елінің өткерген өмір шындығын, ірі қоғамдық, әлеуметтік жағдайларын сюжетті шығармаларымен жырлаумен айқын танылады. Бұл дәуірдің ғұлама-ғалымы, ойшыл қайраткері Әбу-Насыр Әл-Фарабидің зерттеу еңбектері әдебиеттану, тіл білімі, логика, философия, астрономия, математика, жаратылыстану, этика, метафизика ғылымдарының өркендеп, ілгері дамуына өз үлесін қосқан ой-тұжырымдарымен айқындалады.

X-XII ғасырларда Ислам дәуіріндегі әдебиет ойшыл-ғұламалардың, ойшылдардың, кемеңгерлердің әдеби жазба мұраларымен дамып өркендеді. Ислам дәуіріндегі әдебиет түркі халықтарының мәдени дамуындағы қайта өркендеу дәуірі болды. X-XII ғасырлардың танымал ғұламалары, ойшыл қайраткерлері мен тарихи тұлғалары Ж.Баласағұн "Құтты білік" дастанымен, М.Қашқари "Түркі тілдерінің сөздігі" жинағымен, Қ.А.Ясауи "Даналық кітабы" жазба мұрасымен, А.Иүгенеки "Ақиқат сыйы" жырларымен, С.Бақырғани "Бақырғани кітабымен орта ғасырдағы түркі жазба әдебиетінің өркендеп, ілгері дамуына өлшеусіз үлес қосты.

XIII-XIV ғасырлардағы Алтын Орда дәуіріндегі жазба әдебиеттің үздік үлгілерінде орта ғасыр әдебиетінің ескерткіші "Қыпшақтар кітабы", Хорезмидің "Мұхаббатнаме" әдеби жазба мұрасы, Н.Рабғузидің әдеби жазба мұралары, С.Сарайдың "Түрікше Гүлістан" дастаны, Құтб ақынның "Хұсырау-Шырын" дастаны Алтын Орда дәуірінің тарихын қамтыған жазба мұралар әдебиеттің қалыптасуы мен дамуын өркендетті. XIII-XIV ғасырлардағы кемеңгерлер мен қайраткерлердің өмірбаяндары мен шығармашылықтары туралы деректер толымсыз. Алтын Орда дәуіріндегі әдебиетінің алтын қоры болған "Қыпшақтар кітабы", Хорезмидің "Мұхаббатнамесі", Насреддин Рабғузидің жазба мұралары, Сайф Сарайдың "Түрікше Гүлістаны", Құтб

ақынның “Хұсырау-Шырыны” мазмұны мен жанры жағынан сол дәуірдегі қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді толық қамтыған. Алтын Орда қоғамының әлеуметтік жағдайын айқын бейнелген, халықтың рухани өмірін анық танытқан кемеңгерлердің жазба мұралары ежелгі әдебиеттің қалыптасуы мен дамуына, өркендеуіне негіз болды. Ежелгі дәуір әдебиетінің қалыптасуы ежелгі ру-тайпалардың жазба мұраларынан басталады. Қазақстанды, Орта Азияны, Орталық Азияны, Каспий жағалауларын мекен еткен түркі халықтарының әлеуметтік, мәдени өмірі бір-бірімен өзара тығыз байланысты болғандықтан олардың төл әдеби жазба туындылары өз дәуіріндегі тарихи оқиғалармен сабақтасқан ортақ мұра болды. Қазақ әдебиетінің тарихында Кумандар, Дешті Қыпшақтар атанған түркі тілдес халықтардың ерлігі, тұрмыс-тіршілігі, арманы поэзия тілімен жырланып, ерлік эпостары, ертегілері, аңыздары ежелгі дәуір әдебиетінің қалыптасуы мен дамуына үлес қосты. Қазақ әдебиеті тарихының бастауы болған көне құлпытастарға таңбаланған руна жазуларды, ежелгі ескерткіштердегі таңбаларды зерттеген ғалымдар еңбектерімен ежелгі дәуір әдебиетінің қоры молая түсті. Орхон-Енисей жазбаларындағы Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк жырлары екендігін анықтап, ежелгі дәуір әдебиетінің тарихы осы әдеби жазба мұралардан басталатынын зерттеулерімен дәлелдеп берген.

VII-IX ғасырлардағы жазба ескерткіштердің алтын қоры болып табылған "Күлтегін" жырының сюжеттік желісі бір-бірімен байланысқан 8 бөлімнен бөлімнен тұрады. Жырдың әрбір бөлімінің мазмұны тарихи оқиғаларды баяндайтын хикая. Жырдың бірінші бөлімі – қағанның өз халқына айтқан үндеуі, екінші бөлім – Түрік қағанаты жерінің ұшаң-теңіз кеңдігін бейнелейді, үшінші бөлім – түріктердің әскери жорықтарын баяндап өтеді, төртінші бөлімде – көршілес табғач халқының жауыздық жасаған әрекеттер баяндалады, бесінші бөлім – табғаштардың түріктерге төндіретін қатері жайындағы хикая, алтыншы бөлім – түркі халқының әлеуметтік өмірін өкінішпен жырланған, жетінші бөлімде - түркі халқының даңқын шығарған қаған екендігі жөнінде баяндалған, сегізінші бөлімде – "Күлтегін" жырын жазуға себеп болған жәйттер айтылған. Ежелгі түркі халықтарының поэзиясына тән дәстүрмен жырдың бөлімі үш элементті құраған: 1.Оқиғаның басталуы; 2.Жырдағы оқиға желісінің біртіндеп ұлғая түсуі; 3."Күлтегін" жыры ой-пікірдің түйінделуімен аяқталған. Ежелгі дәуір әдебиетінің тарихында Күлтегін, Білге қаған және Тоныкөк әдеби ескерткіштері мазмұны, тілі мен көріктеу құралдары, өлең құрылысы мен композициялық құрылысы түркі поэзиясының классикалық үлгілері болып табылады. Күлтегін, Білге қаған және Тоныкөк әдеби ескерткіштері ежелгі дәуір әдебиетінің қалыптасуы мен дамуын өркендеткен көне түркі әдеби жазба мұралар қатарынан орын алады. Күлтегін, Білге қаған және Тоныкөк әдеби ескерткіштер түркі халықтарының VII-VIII ғасырлардағы қоғамдық-әлеуметтік өмірін, ру, ұлыс, тайпаларының әдет-ғұрпын, наным-сенімін, поэзиясын, жазба тілін танытқан

әдеби, тарихи, мәдени мұралар. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірін айқындайтын әдеби ескерткіштер мен жазба мұралар көне түркі, шағатай, араб және парсы сөздері араласқан түркі ру-тайпаларының кітаби тілінде жазылған. Түркі халықтарының әлеуметтік жағдайын, рухани өмірінің бейнелі көрінісін танытқан жазба мұраларды ежелгі дәуір әдебиетінің қалыптасуы мен дамуын өркендеткен әдебиет тарихының бастауы болып табылады. Ежелгі дәуір әдебиетінің алтын қоры болған Қорқыт ата, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Қожа Ахмет Ясауи, Сүлеймен Бақырғани, Хорезми, т.б. ортағасыр ойшылдар мен ғұламалардың туындылары ежелгі дәуір әдебиетінің дамуы мен қалыптасуына негіз болған.

Ежелгі ру-тайпалық дәуірде жазылған әдеби туындылардың тілі мен тарихын көптеген жылдар бойы зерттеген Е.Э.Бартельс, А.Н.Самойлович, С.Е.Малов, И.В.Стеблева, Ә.Н.Нәжіп т.б. ғалымдар зерттеу еңбектерінде ежелгі мұралар VI ғасыр мен IX ғасыраралығын қамтитындығын нақты тұжырымдары мен ойлы пікірлерімен дәлелдеп берген. Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуші, белгілі ғалым Бейсенбай Кенжебаев қазақ әдебиеті тарихын төмендегідей кезеңдерге бөліп, жүйелеп қарастырады: «1.Ежелгі әдебиет, бұл дәуір VII-XV ғасырлар арасын қамтиды. Бұл қазақ халқының құрамындағы қазақ ру-тайпаларының ежелгі ру, ұлыс дәуірлеріндегі әдебиет және ерте кездегі түрік ру-тайпаларымен бірге жасалған әдебиет. 2.Қазақ хандығы дәуіріндегі (XV-XVIII ғасырлар) әдебиет. 3.XIX ғасырдағы жаңа, сыншыл, реалистік әдебиеті. 4.XX ғасыр басындағы (1900-1920 жылдар) әдебиеті. 5.Қазіргі дәуір әдебиеті» - деп саралап берген.

Түркі халықтарының әдеби жазба мұраларын зерттеген ғалымдар Е.Э.Бартельс, А.Н.Самойлович, С.Е.Малов, И.В.Стеблева, Ә.Н.Нәжіп зерттеулерінде: «*VII-XV ғасырлардағы түркі тектес халықтардың ру-ұлыстық дәуірінде бәріне ортақ жазу-сызуы мен мәдениеті, тілі мен әдебиеті болған*» - деп ой-пікірлерін білдірген. Ежелгі дәуір әдебиетінің қалыптасуы мен дамуын зерттеген Бейсенбай Кенжебаев, Немат Келімбетов, Құлмат Өмірәлиев, Алма Қыраубаева, Әуелбек Қоңыратбаев, Ханғали Сүйіншәлиев, Әбсаттар Дербісәлиев, Мырзатай Жолдасбеков қазақтың зиялы ғалымдары VII-IX ғасырлардағы түркі ескерткіштерін, X-XII ғасырлардағы Ислам дәуірінің әдеби мұраларын, XIII-XIV ғасырлардың әдеби туындыларын зерттеу еңбектерінде толық қамтыды. Ежелгі дәуір әдебиетінде VII-IX ғасырлардағы түркі әдебиет нұсқаларынан Орхон жазба ескерткіштері, Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк жырлары ғасыр шежіресін терең танытқан тағылымы мол тарихи мұра болып табылады. Бұл ескерткіштер «руна» жазуымен таңбаланған тарихи-эпикалық түркі жазба ескерткіштерінің ең көне үлгілері екені анықталған. Ежелгі дәуір әдебиетінің тарихында Күлтегін Кіші және Үлкен жазулары, Білге қаған туралы, Тоныкөк жырлары Монғолиядағы Орхон өзені бойынан табылғандықтан «Орхон жазба әдеби ескерткіштері»

деген айдарға ие болған. Тарихи деректерде Енисей өзенінің жағасындағы құлпытастарға жазылған жазулар «Енисей жазба ескерткіштері» деп аталған.

VI-IX ғасырлардағы «Орхон жазба әдеби ескерткіштері» ежелгі дәуір әдебиетінде «руна» жазуларындағы ескерткіштер деген атқа ие болған. Тастарға қашалып жазылған Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі жазбалар көне түркі дәуірлерінде өмір сүрген халықтың қалыптасқан тілі мен әдебиетінің, мәдениетінің болғанын танытқан. Тарихи деректі мәліметтерде Орхон-Енисей ескерткіштері Орхон және Енисей өзендерінің бойынан табылған. Орхон-Енисей ескерткіштері «рунь жазуы» терминін қалыптастырған. «Рунь» сөзі Скандинавия халықтары тілінде «құпия», «сыры ашылмаған», «тылсым» деген ұғымды білдірген. Тарихи деректерде Сібірде 13 жыл айдауда жүрген швед офицері Ф.И.Табберт-Страленберг 1730 жылы тарихта беймәлім болған Орхон-Енисей жазуының үлгілерін өз елінің тілінде «руна жазулары» - деп атағаны келтірілген. Орхон-Енисей жазулары 1730 жылға дейін белгілі болғанмен, бұл жазуды оқу екі ғасыр бойы құпия болып келген. Біршама зерттеушілер XVII ғасырдың 1692 жылдан бастап XIX ғасырдың 1893 жылына дейін ешкім оқи алмаған. Ғалымдардың ішінен 1893 жылы 15 декабрьде Орхон-Енисей ескерткішінің алғаш сырын ашып, оқудың кілтін тапқан дания ғалымы В.Томсен болған. Ол Дания Ғылым академиясының мәжілісінде Орхон өзенінің бойынан табылған ескерткіштер түркі халқының тілінде жазылғанын мәлімдеген. В.Томсонның ізденісімен 1894 жылдың 19 январында ғалым-түрколог, зерттеуші В.Радловтың 1895 жылы Күлтегін жырына жасаған аудармасында Күлтегін, Тоныкөк жазба ескерткішінде түркі қағанаты құрылған уақыттан бастап VIII ғасырға дейінгі оқиғалар баяндалған. Жазба ескерткіште түркі қағанатының құрылуы мен қолбасшы Күлтегіннің, әскербасы Тоныкөктің сыртқы жауларға жорықтары әңгімеленген. Орхон ескерткіштеріндегі мәтіндерде мұратына адал болуға, адамгершілікке шақырғаны, түркі мемлекетінің біртұтастығын нығайтуы баяндалған. Ежелгі дәуір әдебиетін зерттеген ғалымдар Орхон жазба ескерткіштері арқылы түркі тілдес халықтардың барлығына ортақ кең тараған әдеби тілі мен дамыған жазба әдебиеті болғандығын дәлелдеген.

Көрнекті түркітанушы-ғалым И.В.Стеблеваның сөзімен айтқанда: "Күлтегін мен Тоныкөк жазуларын жанрлық жағынан тарихи-батырлық дастандар деп таныды. Ғалым И.В.Стеблеваның Орхон ескерткіштерін әдеби көркем туынды ретінде қарауы өте орынды. Себебі, Күлтегін және Тоныкөк ескерткіштеріндегі бейнелеу құралдары әдеби жазба мұраның көркемдігін айғақтай түскен. Жазба ескерткіштердегі жазуларда өмір шындығы тарихи оқиғалармен сабақтасып, көркем туындыға тән жазу өнерімен баяндалған. Ежелгі дәуір әдебиетінің алтын қоры болып табылған жазба ескерткіштер мен әдеби мұралары сан ғасырлық жолдардан өтіп, түркі халықтары әдебиетінің даму, кемелдену кезеңдерімен айқындалады. Ежелгі дәуір әдебиеті түркі халықтарының қоғамдық тарихымен байланысты қалыптасқан әлеуметтік

саяси өмірінің бейнелі көрінісі. Ежелгі түркі дәуірінің қоғамдық, әдеби, мәдени өмірін айқын танытқан "Күлтегін", "Білге қаған", "Тоныкөк" жырлары ежелгі түркі мемлекетінің әскери қолбасшысы Күлтегін (684-731 ж), оның ағасы Білге қаған (683-734 ж), қағанның кеңесшісі Тоныкөк туралы тасқа қашалып жазылған әдеби ескерткіштер түркі халықтарының ерлік эпостарының үздік үлгісі. Ежелгі түркі дәуірінің алтын қоры болған "Күлтегін", "Білге қаған", "Тоныкөк" ескерткіштерінің табылғаны туралы XVIII ғасырдың бас кезінде Н.К.Видзен, С.У.Ремезов жазбалары, швед офицері И.Т.Страленбергтің, немістің ғалымы Д.Г.Мессершмидтің хаттары жеткізді. Орхон-Енесей ескерткіштерінің оқу кілтін ашқан Дания ғалымы В.Томсеннің алғаш оқыған "тәңірі", "түрік" сөздері болды. Бұл ескерткіштерді зерттеуге алған Орыс География қоғамы 1889 жылы Монголияға арнайы экспедиция ұйымдастырып, белгілі ғалым Н.М.Ядринцев басқарған. 1891 жылы В.В.Радлов "Күлтегін", "Білге қаған", "Тоныкөк" жырларына зерттеу жүргізген. Ескерткіштердің таңбаларын тауып, В.В.Радлов руна жазуының он беске жуық әрпін анықтаған және тастардағы мәтінді толық оқып, аударма жасап шыққан. Орхон ескерткіштері түрік қағанатының құрылуы мен құлдырауы, өрлеу дәуірі мен күйреу кезеңі жайында бірқатар мәліметтермен өз ғасырының тарихын танытқан әдеби мұра. VII-VIII ғасырлардағы "Күлтегін", "Білге қаған", "Тоныкөк" жазба мұралары туралы зерттеушілер тарапынан ежелгі түріктердің поэзиясына, әдебиет үлгілеріне жанрлық тұрғыдан пайымды пікірлер мен ой-тұжырымдар айтылған. Ғалым В.Стеблева "Күлтегін", "Білге қаған", "Тоныкөк" поэзиялық туынды десе, Н.Шербак ескерткіштерді қара сөз үлгісі деп таныды. Қазақ ғалымдары Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев, Н.Келімбетов, Қ.Өмірәлиев, М.Әуезов, А.Қыраубаева, Ә.Қоңыратбаев, Х.Сүйіншәлиев, Ә.Дербісәлиев, М.Жолдасбеков "Күлтегін", "Білге қаған", "Тоныкөк" жазба мұраларын зерттеп, қазақ батырлар жырына ұқсас келетін эпикалық мұра деп таныды. Ежелгі дәуір әдебиетінде XIII-XVI ғасырларда қыпшақ тілінде жазылған "Қыпшақтар кітабы", "Махаббатнама", "Жүсіп-Злиха", "Түрікше Гүлстан" т.б. қиссалары, дастандары, шежірелері, тарихи мұралары өзінен кейінгі әдебиеттің дамуы мен өркендеуіне негіз болған жазба мұралар. Қазақ ғалымдары Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Б.Ысқақов, Х.Сүйіншіәлиев, А.Егеубаев, М.Жолдасбеков, А.Қараубаева, Н.Келімбетов т.б. ежелгі дәуір әдебиетін арнайы зерттеп, ғылыми еңбектерімен әдебиет қорын толықтырды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., 1995.
2. Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер. – А., 1983.
3. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – А., 1986.
4. Келімбетов «Қазақ әдебиеті бастаулары» А; «Ана тілі», – 1998.
5. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Бірінші кітап. – А., 1991.

6. Келімбетов Н. «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі» А., – 1996 ж.
7. Қожа Ахмет Яссауи. Диуани Хикмет. – Астана: Фолиант, 2007.
8. Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары. – А., 1991.
9. Қыраубаева А. Ежелгі дәуір әдебиеті. Астана, «Елорда», – 2001.
10. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. – А., 1967.
11. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиеті тарихы. А., 2006.
12. Ясауи тағылымы. – Түркістан., 1996.

ЛИТЕРАТУРНОЕ ПИСЬМЕННОЕ НАСЛЕДИЕ СРЕДНЕВЕКОВЬЯ

Аннотация. Этапы античной литературы определяются историей литературы, основной сферой литературоведения. В нашем научном исследовании систематизированы жанровые, художественные характеристики литературного письменного наследия, ставшего основным источником литературы разных эпох, подробно изложены история написания и биографии авторов произведений, эпоха существования. Формирование древней литературы с периодами истории литературы рассматривалось следующим образом. К письменным памятникам древней литературы VII-IX веков относятся орхонские письменные памятники, лучшие образцы произведений эпох Сака, гунна, уйсун Культегин, Билге Каган, Тонкук, сага "Огузنامه", "Книга Коркыт ата", литературное наследие Аль-Фараби. В литературе исламской эпохи, наглядно продемонстрировавшей духовную ценность тюркских народов в X-XII веках, были представлены дидактическая произведения Ж.Баласагуна, наследие М.Кашгари, сборник стихов Х.А.Ясави "Книга мудрости", сборник стихов А.Иугинеки, С.Бакыргани "Книга Бакыргани", "Хаким ата", "Аулие Мария" литературное наследие, ознаменовавшее период становления, развития, зрелости литературы тюркских народов. Литература эпохи Золотой Орды-Кыпчака XIII-XIV веков отличается "Словарем кыпчакского языка", "Мухаббатнамой" Хорезми, произведения Рабгузи, "Хусырау-Ширин" поэта Кутб. В эпоху Золотой Орды ценное историческое наследие, летописи-книги, написанные на основе тюркского литературного языка, определялись глубиной содержания.

THE LITERARY AND WRITTEN HERITAGE OF THE MIDDLE AGES

Annotation. The stages of ancient literature are determined by the history of literature, the main field of literary criticism. In our scientific research, the genre and artistic characteristics of the literary written heritage, which has become the main source of literature from different eras, are systematized, the history of writing and biographies of the authors of works, the epoch of existence are described in detail. The formation of ancient literature with periods of literary history was considered as follows. Among the written monuments of ancient literature of the VII-IX centuries are Orkhon written monuments, the best examples of works of the Saka, Hun, Uysun Kultegin, Bilge Kagan, Tonykuk, the Oguzname saga, the Book of Korkyt Ata, the literary heritage of Al-Farabi. In the literature of the Islamic era, which clearly demonstrated the spiritual value of the Turkic peoples in the X-XII centuries, the didactic works of Zh.Balasaguna, the legacy of M.Kashgari, a collection of poems by H.A.Yasavi "The Book of Wisdom", a collection of poems by A. Iugineki, S.Bakyrhani "The Book of Bakyrhani", "Hakim ata", "Aulie Maria" - a literary heritage that marked the period of formation, development, maturity of the literature of the Turkic

peoples. The literature of the Golden Horde-Kipchak epoch of the XIII-XIV centuries is distinguished by the "Dictionary of the Kipchak language", the "Muhabbatnam" of Khorezmi, the works of Rabguzi, "Khusyrau-Shirin" by the poet Kutb. In the era of the Golden Horde, valuable historical heritage, chronicles-books written on the basis of the Turkic literary language were determined by the depth of the content.